

**Судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандырудың, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеудің тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 наурыз N 365 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 наурыздағы № 102 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.03.2022 № 102 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2694 Конституциялық күші бар Жарлығын (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 147-құжат) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандырудың, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеудің тәртібі мен шарттары туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 19 наурыздағы  
N 365 қаулысымен  
бекітілген

**Судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандырудың, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеудің тәртібі мен шарттары туралы ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже судьяларды және олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандыру, оларға медициналық қызмет көрсету мен санаторий-курорттық емдеу мәселелерін реттейді.

2. Судьяларды, олардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандыру, медициналық сақтандыру қызметі туралы заңдардың негізінде республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

## II. Судьяларды міндетті мемлекеттік жеке сақтандыру

3. Қазақстан Республикасының барлық соттарының судьялары міндетті мемлекеттік сақтандыру субъектілері болып табылады.

4. Қызметтік міндеттерін орындауға байланысты (жұмысқа бару және жұмыстан қайту уақытын қоса алғанда) денсаулығына келтірілген зиян салдарынан еңбек қабілетінен толық немесе ішінара айрылған судьялардың сақтандыру сомасын алуға құқығы бар, оның мөлшері мүгедектік тобына қарай белгіленеді.

5. Келтірілген залалды өтеу - денсаулығына келтірілген зиян салдарынан кәсіби еңбек қабілетінен айырылу дәрежесіне қарай сақтандыру сомаларын төлеуден тұрады. Қосымша шығыстарды өтеу - қолданылып жүрген заңға сәйкес жүргізіледі.

6. Қызметтік міндеттерін орындауына байланысты судьялардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның дәлелі: куәлардың көрсетулері, жұмыстағы бақытсыз оқиға туралы акт; сот үкімі, шешімі, прокурор мен тергеу органдарының қаулысы; еңбек қорғау жағдайын және еңбек туралы заңдардың сақталуына бақылау мен қадағалауды жүзеге асырушы лауазымды адамдардың ( органдардың) денсаулығының зақымдану себептері туралы қорытындылары; зиян келтіру фактісі жөніндегі медициналық қорытынды; лауазымды адамдарға әкімшілік немесе тәртіптік жаза белгілеу туралы шешім мен басқа да құжаттар бола алады.

7. Қызметтік міндеттерін орындау барысында денсаулығына келтірілген зиян салдарынан судьялардың кәсіби еңбек қабілетінен айрылу дәрежесін халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық бөлімшесі айқындайды.

Кәсіби еңбек қабілетінен айрылу дәрежесін айқындаумен бір уақытта негіздер бар болса, тиісті мүгедектік тобы белгіленеді.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 28.06.2002 N 703 қаулысымен.**

8. Сақтандырудың осы түрі бойынша сақтандыру төлемдері Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының есеп айырысу шоттары арқылы жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылы сақтандыру сомаларын төлеуге пайдаланылмаған сақтандыру төлемдері сақтандыру ұйымының ісін жүргізуге кеткен шығыстар шегеріліп, республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

9. Сақтандыру сомаларын төлеу ол сақтандыру оқиғасы бойынша бұрын төленген сомалар шегеріліп жүргізіледі.

10. Судьяларды міндетті мемлекеттік сақтандыру жөніндегі сақтандыру оқиғалары:

қызметтік міндеттерін орындау барысында судьяның апаты (өлімі);

қызметтік міндеттерін орындауға байланысты судьяның еңбек қабілетінен мүгедектігі белгіленіп, тұрақты айырылуы болып табылады.

11. Міндетті мемлекеттік сақтандыру бойынша сақтандыру сомалары ерікті қосымша зейнеткерлік сақтандыру бойынша, сондай-ақ жеке сақтандырудың басқа кез-келген түрі бойынша төленген сомаларға қарамастан төленеді.

12. Судья апат (қайтыс) болған жағдайда асырауындағылар мен мұрагерлердің зиянды өтеуді талап етуге құқы бар.

13. Сақтандыру сомаларын төлеу:

судьяларға - мүгедектігі белгіленген күннен бастап;

судьяның қайтыс болуына байланысты сақтандыру сомаларын алуға құқығы бар адамдарға осындай құқық алған күннен бастап жүргізіледі.

14. Судьяның еңбек қабілетінен айырылу дәрежесі өзгерген жағдайда, залалды өтеуге төленетін сомалар қайта есептеледі.

15. Зиянды өтеуге тағайындалған, бірақ уақытында алынбаған сома өткен уақыт үшін, бірақ оны алуға жүгінген күннен бастап үш жылдан аспайтын уақыт үшін төленеді.

16. Ұйымдардың сақтандыру жарналарын төлемей немесе уақтылы төлемей судьяны сақтандыру сомаларымен қамсыздандыру құқығынан айырмайды.

### **III. Судьялардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандыру**

17. Судьяларға жеке меншік құқығы бойынша тиесілі мүліктің сақтандырылуы үшінші адамдардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде оның ұрлануы, жойылуы немесе бүлінуі болған жағдайда жүргізіледі.

Жоғарыда аталған оқиғалар бұдан әрі сақтандыру жағдайлары деп аталады.

18. Судьяға жеке меншік құқығы бойынша тиесілі:

жылжымайтын мүлік;

көлік құралдары (автомобильдер, мотоциклдер);

үй малы;

жеке тұрғын үй құрылысы немесе ұжымдық бау-бақша шаруашылығы үшін судьяға бөлінген жер учаскесінде жатқан және тұрғын үй, саяжай үшін және шаруашылық құрылыстарын салуға арналған құрылыс материалдары;

құнды заттар, үй жабдығы, тұрмыстағы және қолданыстағы заттар сақтандырылуға қабылданады.

19. Мүлікті сақтандыру құжаттарға, бағалы қағаздарға, ақша белгілеріне, қолжазбаларға, слайдтар мен фотосуреттерге, үй өсімдіктеріне қолданылмайды.

20. Қазақстан Республикасы аумағының шегінде судьяның орын ауыстыруына байланысты мүлік теміржол, автомобиль және көліктің басқа да түрлерімен тасымалданған кезде де сақтандырылған болып есептеледі.

21. Судья тұрақты тұратын жерін ауыстырған кезде осыған байланысты көшірілген мүлік жаңа тұратын жері бойынша сақтандырылған болып есептеледі.

22. Сақтандыру сомасы мүліктің нарықтық құнының шегінде (оның тозуын есепке ала отырып) барлық мүлікке ортақ белгіленеді.

23. Судьяның мүлкі, жазбаша өтініш негізінде, осы адамның судья лауазымында немесе отставкада екендігі туралы Жоғарғы Сот, облыстық және оларға теңестірілген сот немесе әділет басқармасы тиісінше жазбаша растағаннан кейін сақтандырылуға тиіс.

24. Мүлкі сақтандырылуға жататын судьяның және сақтандыру өкілінің қатысуымен сақтандырылатын мүліктің сомасына қарай мүлікті тексеріп немесе тексермей сақтандырылады.

25. Судьяның тұрақты тұратын жеріндегі мөлшері айлық есепті көрсеткіштің екі жүз есеге дейінгі сомадағы мүлкі және айлық есепті көрсеткіштің жүз есеге дейінгі мөлшеріндегі сомаға саяжайдағы немесе жазғы бақ үйіндегі мүлкі сақтандырушы өкілінің шешуі бойынша тексерусіз аталған сомадан көп болғанда - мүлік міндетті тексерумен сақтандырылуы мүмкін. Судьяның қатысуымен тексерген жағдайда ол мәлімдеген сақтандыру соманың қолда бар мүлікке және оның құнына онымен сәйкестігі тексеріледі.

26. Сақтандыру полисі судьяға мүлікті сақтандырған күннен бастап 10 күн мерзімнен кешіктірмей тапсырылады.

27. Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда сақтандырушы судьяға оның жазбаша өтінішінің негізінде полистің дубликатын береді.

28. Судьялардың мүлкін міндетті мемлекеттік сақтандыру судьяның лауазымда болған және отставкадағы бүкіл кезеңінде сақталады.

29. Сақтандыру оқиғасы болған кезде судья:

үшінші адамдардың біле тұра заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде мүлік ұрлаған, жойылған немесе бүлінген жағдайда бұл жөнінде милиция органдарына, өрт болған жағдайда өрт қадағалау органдарына, жарылыс немесе апат болған жағдайда - апат қызметінің тиісті органдарына хабарлауға және сақтандырушыға жазбаша өтініш беруге тиіс.

Өтініште:

сақтандырылған мүліктің қашан, қай жерде және қандай жағдайда жойылғаны, бүлдірілгені немесе ұрланғаны, бұл жөнінде қандай құзыретті органдарға хабарлағаны егжей-тегжейлі көрсетілуі керек;

сақтандырушыдан алған нысанда жойылған, бүлдірілген немесе ұрланған мүліктің тізбесін жасауы;

сақтандырушы өкілі оқиға болған жерге келгенше бүлінген заттарды, тізбеге енгізілген немесе олардан қалған қалдықтарды сақтап, акт жасау кезінде тексеру үшін оларды ұсынуы қажет.

Судья болмаған жағдайда жоғарыда аталған іс-әрекеттерді оның отбасының кәмелетке толған мүшесі орындауға тиіс.

30. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы туралы өтініш алғаннан кейін 3 күн мерзім ішінде белгіленген нысан бойынша акт жасайды.

Акт судьяның (немесе оның кәмелетке толған отбасы мүшесінің) және куәлардың міндетті қатысуымен жасалады.

Акт жасауға қатысуға тиісті маман, ал тұрғын үй-коммуналдық кәсіпорындардың кінәсінен жылу, сумен қамтамасыз ету немесе канализация жүйелеріндегі апат болған жағдайда - осы ұйымдардың өкілі шақырылады.

31. Зиянның мөлшерін сақтандырушы сақтандырылған мүліктің жойылған, бүлінген немесе ұрланған орны, уақыты, себебі мен өзге де жағдайлары туралы құзыретті органдардан (гидрометқызмет, өртқадағалау, авариялық қызмет, сот, тергеу органдары және т.б.) алған құжаттары ескере отырып, жасалған актінің негізінде белгілейді.

Егер сақтандыру оқиғасының болған фактісі (олар бойынша қылмыстық іс қозғалған жағдайларды қоспағанда) акт жасалған кезде анықталатын болса немесе зиянның мөлшері жиырма бес есе айлық есепті көрсеткішінен аспаса, онда құзыретті органдардан ешқандай құжат сұратылмайды.

32. Зиян болып мыналар есептеледі:

мүлік жойылған немесе ұрланған жағдайда - осы мүлік негізделіп сақтандырылуға алынған бағалар бойынша белгіленетін оның нарықтық құны, ал барлық мүлік толық жойылғанда - мүлікті сақтандыру кезінде көрсетілген сақтандыру сомасы;

мүлік бүлінгенде - оның нарықтық құны мен бүлінгеннен кейінгі құнының арасындағы айырма, яғни арзандату сомасы.

33. Егер бүлінген затты жөндеу арқылы мақсатына сай пайдалануға жарамды күйге келтіруге болса, онда зиян болып осы затты жөндеу құны есептеледі.

Жөндеу құны нарықтық бағалар бойынша, ал егер ол мүмкін болмаса, тиісті ұйымдар азаматтардан алу үшін белгілеген бағалар (тарифтер) бойынша есептеледі.

Жөндеу құны заттың қолданылып жүрген нарықтық құнынан аспайтын соманың шегінде ғана зиян болып танылады.

34. Егер қолданылып жүрген ережелер бойынша жасаушы ұйым немесе тиісті жөндеу кәсіпорны тегін не абонемент төлемдері есебінен айырбастап немесе

жөндеп беруге міндетті болса, кепілдік немесе абонементтік (шарттық) қызмет көрсетуде тұрған телевизорлар мен тоңазытқыштарды айырбастау немесе жөндеу құны зиян болып танылмайды.

35. Мүліктің тозу проценті комиссиялық түрде айқындалады.

36. Судьяның пәтерін (тұрғын үйін) жөндеу құны да зиян болып танылады. Мұндай пәтерді (тұрғын немесе жеке қосалқы жайларды) әрлеу және жабдықтау элементтері есепке алынады.

Жөндеу құны нарықтық бағалар бойынша, ал егер ол мүмкін болмаса - азаматтардың тиісті жұмыстарға ақы төлеуі үшін белгіленген бағалар бойынша айқындалады.

37. Зиянның сомасына, егер бұл шығыстар қажетті болып танылса, сақтандыру оқиғасының басталуына байланысты мүлікті құтқару және оны қалпына келтіру жөніндегі шығыстар да қосылады.

Аталған шығыстардың мөлшері нарықтық бағалар бойынша, ал егер ол мүмкін болмаса - азаматтардың тиісті жұмыстарға (қызмет көрсетуге) ақы төлеуі үшін белгіленген бағалар (тарифтер) бойынша есептеледі.

Егер мүліктің кейбір жойылған, бүлінген немесе ұрланған заттарына қолданылатын нарықтық бағалар болмаса, онда зиянның мөлшері акт жасалған күні біртекті (ұқсас) заттарға жарияланған, қолданылып жүрген нарықтық бағаларға қарай белгіленеді.

38. Сақтандыру өтемі зиянның мөлшерінде төленеді, бірақ ол сақтандыру сомасынан артық болмайды; пәтердің әрлеу және жабдықтау элементтері зақымданғанда оларды жөндеудің нақты құны жалпы сақтандыру сомасының 20% шегінде өтеледі.

Көлік ұйымы жарияланған құнымен жүк ретінде тасымалдауға қабылдаған үй мүлкі жойылған (қалдықсыз) немесе ұрланған кезде, нақты зиян үшін төленетін сақтандыру өтемі осы жүктің жарияланған құнының сомасынан артық бола алмайды.

Ішкі істер органдары сигнализация құралдарының көмегі мен күзетуге алған мүлік ұрланғанда нақты зиян үшін сақтандыру өтемі, одан сақтандырылған болып есептелмеген ұрланған заттардың құнын алып тастап, судьяның ішкі істер органдарынан алған сомасын шегере отырып төленеді.

39. Егер сақтандырылған судья (немесе оның отбасының кәмелетке толған мүшесі) сақтандыру өтемінің мөлшерін көбейту мақсатында жойылған, бүлінген немесе ұрланған үй мүлкінің оған берілген тізбесіне шын мәнінде жойылмаған, бүлінбеген, немесе ұрланбаған заттарды әдейі қосқаны айқындалса, онда істің мән-жайына қарай сақтандырушы тиесілі сақтандыру өтемінің мөлшерін 50%-ке дейін төмендету туралы шешім қабылдай алады.

40. Сақтандырушы сақтандыру өтемін барлық қажетті құжаттарда алғаннан кейін 7 күн мерзімде төлейді. Сақтандыру ұйымының кінәсінен төлемдердің кешіктірілген әрбір күні үшін заңдармен белгіленген мөлшерде өсім төленеді.

Бұл ретте қылмыстық іс қозғалған мүлікті жою, бұлдіру немесе ұрлау фактілері бойынша төлем, егер судьяның немесе оның отбасы мүшесінің кінәлі адам болып табылмайтындығы айқындалған болса, сондай-ақ егер зиянның мөлшері қырық бес есе ең төменгі айлық есепті көрсеткіштен аспаса, тергеу барысында (істі сотқа бергенге дейін) жасалады.

Іс бойынша мүлкі сақтандырылған судья, немесе оның отбасының мүшесі айыпкер болып табылған жағдайда, сақтандыру өтемін төлеу немесе төлеуден бас тарту мәселе сақтандырушы ұйым соттың үкімін (шешімін) алғаннан кейін шешіледі.

41. Сақтандыру өтемі судьяға төленеді. Оның қалауы бойынша төлем атаулы чек беру, салымына ақша аудару жолымен, нақты ақшамен немесе белгіленген тәртіпте почтамен ақша аудару арқылы жасалуы мүмкін.

Судья қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемі оның мұрагерлеріне төленеді.

42. Егер судья (немесе оның отбасының мүшесі) мүмкіншілігі бола тұра, сақтандырылған мүліктің жойылғаны немесе бүлінгені туралы белгіленген тәртіппен мерзімде мәлімдемесе, сақтандырушының сақтандыру өтемін беруден бас тартуға құқығы бар.

Егер арыз беру тәртібі мен мерзімін бұзуға байланысты мүліктің жойылу немесе бүліну фактісі мен себебін анықтау не келтірілген зиянның мөлшерін белгілеу мүмкін болмаса, сақтандырушы мұндай тәртіп бұзуға байланысты сақтандыру өтемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдауы мүмкін.

43. Сақтандыру өтемі, егер:

сақтандыру оқиғасы судьяның немесе оның отбасы мүшесінің қасақана әрекеттерінің салдары болып табылса не зиян тергеу органдары немесе сот қасақана қылмыс белгілерін айқындаған олардың әрекеттерімен келтірілсе;

мүлікті ұрлау (ұрлауға әрекет жасау), оның үшінші адамдардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде жойылғаны немесе бүлдірілгені туралы жауап алу және тергеу органдарына мәлімделінбесе, сондай-ақ егер бұл фактіні жауап алу және тергеу органдары растамаса;

заттардың қалдықсыз жойылуы мүмкін реттерді қоспағанда, бүлінген заттар немесе олардың қалдықтары көрсетілмесе төленбейді.

Судьяның немесе оның отбасы мүшесінің әрекеттерінде қасақана ниеттің болуы, сондай-ақ олардың әрекеттеріндегі қасақана қылмыс белгілері сот немесе осы жағдай бойынша тергеу жүргізген тиісті құзыретті органдар құжатының негізінде белгіленеді.

44. Егер зиян толық өтелсе, судья сақтандыру өтеміне деген құқығынан айырылады. Егер зиян ішінара және келтірілген сақтандыру өтемінен кем өтелсе, онда ол келтірілген зиян үшін судьяның жауапты адамнан алған сомасын ескере отырып төленеді.

45. Егер акт жасау (зиянның көлемін анықтау) мен сақтандыру өтемін төлеу күні аралығындағы кезеңде жойылған, бүлінген немесе ұрланған заттарға деген қолданылып жүрген нарықтық бағалар өзгерсе (төмендесе немесе көтерілсе), онда сақтандыру өтемі, судьяның бағалауы бойынша сақтандырылған заттарды қоспағанда, олардың жаңа құны бойынша төленеді.

46. Егер ұрланған зат судьяға қайтарылса, онда ол қайтарылған затты жөндетуге немесе қалпына келтіруге шыққан шығыстарды шегере отырып, осы зат үшін алған сақтандыру өтемін сақтандырушыға қайтаруға немесе оны белгіленген тәртіпте сақтауы үшін сақтандырушыға өткізуге міндетті.

47. Сақтандыру өтемін төлеген сақтандырушыға төлеген соманың шегінде келтірілген зиян үшін жауапты адамға қарсы талап қою құқығы ауысады.

48. Судьялардың талаптарын (наразылықтарын) сақтандырушы ұйым немесе сот қарайды.

49. Тараптардың осы Ережемен көзделмеген басқа қатынастары қолданылып жүрген заңдармен реттеледі.

#### **IV. Судьялар мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық көмек көрсету туралы**

50. Қазақстан Республикасы соттарының барлық судьяларына, сондай-ақ олардың бірге тұратын отбасы мүшелеріне мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерде медициналық қызмет көрсетіледі. Тіркелген мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде медициналық қызметті пайдалану құқығы отставкаға, жасы немесе мүгедектігі бойынша зейнеткерлікке шығуына байланысты сот жұмысын тоқтатқан адамдарда, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінде сақталады.

51. Судьялар мен олардың отбасы мүшелері медициналық қамсыздандыру үшін өздерінің таңдауы бойынша аумақтық (орталық, облыстық, қалалық, аудандық) ауруханалар мен емханаларға тіркеледі.

52. Судьяларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыру үшін Жоғарғы Сот, облыстық және оларға теңестірілген соттар, әділет басқармалары тиісті емдеу-профилактикалық мекемелерге судьялар мен олардың отбасы мүшелерінің жыл сайын жаңартылып отыратын тізімдерін береді.

53. Үлкендер мен балаларға көрсетілетін жедел және кідіріссіз медициналық көмек, сондай-ақ шығыс стационарлық көмек халыққа көрсетілетін медициналық



көмектің кепілдік берілген көлеміне және міндетті медициналық сақтандырудың базалық бағдарламасына сәйкес көрсетіледі.

54. Мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерде судьялар мен олардың отбасы мүшелеріне көрсетілетін медициналық қызмет үшін ақы төлеу қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізіледі.

55. Мемлекеттік емдеу-профилактикалық мекемелерде судьялар мен олардың отбасы мүшелеріне медициналық қызмет көрсетуге байланысты даулар заңдарда белгіленген тәртіппен шешіледі.

## **V. Қазақстан Республикасы соттарының судьяларын санаторий-курорттық емдеу**

56. Қазақстан Республикасы соттарының судьялары олардың қалауы бойынша санаторийлер мен демалыс үйлеріне жолдамалармен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен.**

57. Судьяларға кезекті еңбек демалысына шыққан кезде сауығу үшін айлық жалақының екі еселенген мөлшерінде жәрдем ақы төленеді.

**Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен.**

**58. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 789 қаулысымен.**